

Астана қаласы әкімдігінің № 86 «Зияткер» балабақшасы МКҚҚ



Тақырыбы: «Терроризм – адамзаттың қасіреті»

«Аққу» мектепалды даярлық

топ тәрбиешісі: Кулбазарова З.К.

2022-2023
Оқу жылы

Терроризм – адамзаттың қасіреті

Мақсаты:

Оқушыларға терроризм туралы терең түсінік беру, себептері мен зардалтарын ұғындыру;
Балаларды лаңқестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу;
Балаларды мейрімділікке тәрбиелеу.

Көрнекілік: слайд, суреттер

Түрі: сұрақ-жауап, түсіндіріу, көрсету.

Іс-әрекет кезеңдері:

**Қане, балалар сабағымызыд бастамас бұрын маған барлығың қарап ,
менімен бірге**

қайталап айтып, сабағымызыға назар аударайық.

Бейбітшілік- менде

Бейбітшілік-сенде

Бейбітшілік –барлық елде

Тыныштық-менде

Тыныштық-сенде

Тыныштық-барлық елде.

Жарайсындар балалар әрдайым елімізде бейбітшілік, тыныштық болсын. Енді орнымызға отырамыз.

1. Терроризм туралы түсінік беру

Тәрбиеші: Балалар бүгін біз қоғам арасында кең етек жайып, жастардың санасын жаулап алған әртүрлі діни ағымдар туралы әңгіме қозгамақпыз.

Балалар біздің қазіргі сабағымыз - Терроризм туралы.

Сендер бұл сөзді бұрын есітіп көрдіңдер ме?

Терроризм дегеніміз не? Оның анықтamasы қандай?

«Терроризм» сөзінің мағынасы – «қорқыту». Ал сол қорқытатын адамдар өз пайдалары үшін небір озбыр, жаман әрекеттерге барады. Билік пен байлыққа қол жеткізу үшін ештеңеден тайсалмайды.

Қоғам арасында алауыздықты тудырып, тыныштықты бұзады.

Олар адамдар арасына ірткі салуға,

өшпендейділік отын тұтатуға, қантөгістер үйымдастыруға жол ашады.

Пиғылы бөтен, қазақтың болмысына жат ағымдарға қазір тосқауыл қоймасақ, онда ертең бірлігімізге сыйкат түседі.

Тероризм мен діни экстремизм адамзат баласына қауіп пен қатер төндіретін үйымдар.

Террористер қандай нысандарды қөздейді?

Олар адамдар көп жиалатын жерлерге қауіп төндіреді.

- вокзалдар,
- әуежайлар
- демалыс және ойын-сауық орындары
- әкімшілік ғимараттар
- оқу орындары

Сондықтан сендер осындай жерлерге жалғыз бармай, біреудің «кәмпит, не шоколад беремін» дегеніне алданбау керек. Тоқтаған машиналарға, танымасандар мінуге болмайды. Осыны естерінен шыгармандар.

Бұл іске қандай адамдар барады?

- Террористік іс - әрекетке тек ер адамдар емес, әйел адамдар да барады.

Сондай-ақ кәмелетке толмағандар, әсіресе, мектеп оқушылары мен студенттер көбінесе қойылған «бомбалар» туралы жалған хабарлама бере отырып, «қалжындауды» әдетке айналдыруда. Бірақ бұл қалжыңның арты насырға шабатынын біле бермейді. Адамдарды қылмысқа итермелейтін белгілі бір себептер болады. Мәселен, сабак оқығысы келмейтін оқушылар, жұмыс істегісі келмейтіндер, бұзакылық пигылмен кек алғысы келетіндер осындай әрекеттерге барады. Сондай-ақ көреалмаушылық, қызғаныш немесе психикалық күйзелістер де себеп болуы мүмкін.

— Террорлық іс — әрекеттерден зардап шегетін кім?

(Жай адамдар, балалар)

Егер құдікті зат табылса, бұл фактіні назардан тыс қалдырмау керек:

- Кездейсоқ көшеде оғаш, құдікті заттар көрсөндер жоламандар.
- табылған затты қозғауга, ашуға және жылжытуға болмайды.
Көршілерінен сұрандар, мүмкін, ол солардікі болар. Егер иесі анықталмаса үлкендерге хабарлау керек.

Біз терроризмге қарсымыз.

Солай фой балалар. Сондықтан қазір біз өз қолдарымызды қойып, нақтылаймыз.

Қорытынды:

Міне, балалар бүгін біз теріс бағыттағы діни бірлестіктер туралы ой бөлістік.

Сабағымызды аяқтаймыз. Еліміз аман, жұрттымыз тыныш болсын.

Әрдайым ата-аналарыңмен бақытты өмір сүріндер.